

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№2 (30) сәуір-маусым 2022

ISSN 2710-3994

Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_221-233

FTAMP 03.19.00

ЕСІМ ЖӘНЕ ТҮРСЫН ХАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ТАЛАС-ТАРТЫСТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Е. Сабденова¹ , Д.С. Байгунаков^{2*} 

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы;

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан, Алматы.

* Автор-корреспондент

E-mail: gulmiras2801@gmail.com (Сабденова), dosbol_bs@mail.ru (Байгунаков)

Андатпа. Отандық тарихнамада орын алып отырған ауызша тарих пен халықтық дереккөздері, әсіресе шежіре мәнінің ұлғая түсуі тарих ғылымының дамуындағы маңызды үдерістер қатарында. 1626-1627/28 жылдардағы Есім хан мен Тұрсын ханның саяси және әскери текетіресі зерттеудің нысаны болып табылады. Ал Тұрсын хан ішкі саясатының бағыттары және Есім ханға қарсы жүргізген әскери қадамдарының әуелгі себептері және оның құрамдас бөлігі ретіндегі отандық соғыс қасіреті зардаптары зерттеу пәні ретінде алынып отыр. Зерттеудің хронологиялық шегі осы кезеңдермен белгіленеді де, XVII ғ. алғашқы ширегіндегі мейлінше тұнып тұрған жайттарға кеңінен назар аударылады. Қазақ шежіресі, сондай-ақ ауызша тарих өзара соғыс зардаптары туралы кең әрі терең мәліметтерді сақтап қалған. Сол кездегі соғыстың сұмдық зардаптарын адам құрбандары мен заттай шығындарға ұшыраған дулат, қатаған және басқа да тайпалар шеккен болатын. Дулат тайпасының (шуылдақ руы) шежіре материалдары мен ауызша тарихы халық жадында Тұрсын ханның кейбір қастық істері, құпия сөз байласулары мен қасастық әрекеттері жайлы мәліметтер сақтап қалған. Кейіннен мұндай іс-әрекеттер екі билеуші арасындағы өшпенділікті тұтатқан болуы да ықтимал. Мақалада талданып отырған сауалдар әлі зерттеліне қоймаған әрі практикалық тұрғыдан отандық ғылыми әдебиеттерде кешенді түрде қарастырылмаған деуге болады.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Есім хан, Тұрсын хан, шежіре, ауызша тарих, текетірес.

МРНТИ 03.19.00

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОСТОЯНИЯ ЕСИМ ХАНА И ТУРСУН ХАНА (ПО МАТЕРИАЛАМ ШЕЖИРЕ И УСТНОЙ ИСТОРИИ)

Г.Е. Сабденова¹, Д.С. Байгунаков^{2*}

¹КазНУ имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы;

²КазНПУ имени Абая, Казахстан, Алматы.

* Корреспондирующий автор

E-mail: gulmiras2801@gmail.com (Сабденова), dosbol_bs@mail.ru (Байгунаков)

Аннотация. Возрастание значения устной истории и народных источников, (особенно шежере в отечественной историографии) – одна из важных тенденций развития исторической науки. В последние годы данные шежере превратились в число активных источников, способных дать интересные факты по средневековой истории Казахстана. Использование их открывает новые горизонты по истории Казахского ханства. Объектом исследования является политическое и военное противостояние Есим хана и Турсун хана в 1626-1627/28 годах. Предметом исследования были избраны основные направления внутренней политики и военных действий Турсун хана в войне против Есим хана в процессе ее начала и развития как составной части отечественной

военной трагедии. Этим же определяются и хронологические рамки исследования, в которых концентрируется внимание на наиболее насыщенных событиях в первой четверти XVII века. Казахское шежире, а также устная история глубоко и остро сохранили последствия междусобной войны. Особенно ужасы войны того периода испытывали дулаты, катаганы и другие племена, понесшие большие человеческие жертвы и материальные затраты. Материалы шежире и устная история племени дулат (род шуылдак) в народной памяти сохранили некоторые интриги, тайные сговоры и коварные поступки Турсун хана. Впоследствии, видимо, они стали некоторыми причинами разрыва взаимоотношений двух правителей. Вопросы, анализируемые в статье, являются малоизученными и практически до настоящего времени не получили комплексной разработки в отечественной научной литературе.

Ключевые слова: Казахское ханство, Есим хан, Турсун хан, шежире, устная история, противостояние.

IRSTI 03.19.00

**SOME ISSUES OF THE CONFRONTATION BETWEEN YESSIM KHAN
AND TURSUN KHAN
(BASED ON THE MATERIALS OF SHEZHIRE AND ORAL HISTORY)**

G.E. Sabdenova¹, D.S. Baigunakov^{2*}

¹al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty;

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty.

Corresponding author

E-mail: gulmiras2801@gmail.com (Sabdenova), dosbol_bs@mail.ru (Baigunakov)

Abstract. The increasing importance of oral history and folk sources (especially shezhire in Kazakhstan historiography) is one of the important trends in the development of historical science. In recent years, shezhire data has become one of the active sources capable of providing interesting facts on the medieval history of Kazakhstan. Using them opens up new horizons in the history of the Kazakh Khanate. The object of the study is the political and military confrontation between Yessim Khan and Tursun Khan in 1626-1627/28. The main directions of Tursun Khan's domestic policy and military actions in the war against Yessim Khan in the process of its beginning and development as an integral part of the domestic military tragedy were chosen as the subject of the study. This also determines the chronological framework of the study, which focuses on the most intense events in the first quarter of the XVII century. Kazakh shezhire, as well as oral history, has deeply and acutely preserved the consequences of the internecine war. Especially the horrors of war were experienced by the Dulats, Katagans and other tribes who suffered great human losses and material costs. The materials of shezhire and the oral history of the Dulat (Shuyldak genus) tribe have preserved in people's memory some intrigues, secret conspiracies and insidious deeds of Tursun Khan. As a result, apparently they became some of the reasons for the rupture of the relationship between the two rulers. The issues analyzed in the article are poorly studied and have not received comprehensive development in the domestic scientific literature until now.

Key words: Kazakh Khanate, Yessim Khan, Tursun Khan, shezhire, oral history, confrontation, collusion.

Кіріспе. Қазақ хандығы тұсындағы оқиғалар мен құбылыстарды зерделеу осы мәдени-тарихи кезең сауалдарына қатысты кез-келген зерттеу жұмысының өзектілігін нақты айқындайды. Себебі жаңа жазбаша дереккөздерінің ғылыми айналымға ене қоймауы Қазақ хандығы тұсындағы тарихи үдерістерді зерттеуге мол мүмкіндік бермей келеді. Әсіресе XV-XVII ғасырлардағы құбылыстар мен оқиғалар туралы мәліметтер ғылыми айналымға мүлдем аз енгізілуде. Қолдағы бар деректемелерге қарағанда осы кездері Қазақ хандығы түрлі ішкі және

сыртқа саяси шиеленістерді басынан кешірді. Олардың бірі ел үшін соңында нәтижелі болса, келесілері хандықтың әлсіреуіне алып келіп те жатты. Жаңа заманға өтетін XVII ғасырда орын алған оқиғалар хандық ішінде аласапыранның орын алғандығын нақты көрсетіп отыр. Бұл кез хандықтың Орта Азияда белсенді күшке айнала бастағандығын, әрі кейде хандықтың бірде бөсеңдеп, енді бірде әлсіреп отырғандығын да аңғартады. Қазақ хандығының қарқынды дамуы үшін саясат, экономика, дін және мәдениет салаларында оң өзгерістер орын алуы тиіс болған еді. Сол кезде ғана хан билігі халық арасындағы өз ықпалын арттыра алды. Сондай-ақ халық көзімен қарағанда хан тұрақты даму кепілі ретінде мемлекеттің іргесін нығайта алатын еді. Алайда так үшін орын алған өзара қырқыстар хан билігін әлсіретіп, ішкі саяси шиеленістерді тудырып отырды. Осындай ішкі саяси текетірестер Еңсегей бойлы ер Есім мен Тұрсын хан арасында орын алған болатын. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы әскери қақтығыс мән-жайын ашу, қалтарысты тұстарын жүйелеу және бұрын белгісіз болып келген бірқатар жайттарын ғылыми айналымға енгізудің өзектілігі өздігінен-ақ байқалады. Себебі өткеннен тәлім алу келешектегі ел тұтастығы мен болашақты айқындауда керек екендігі белгілі.

Қазақ хандығында өмір сүрген халық үшін ханның беделі ел арасында жоғары болуы керек еді. Халықтың сүйіспеншілігіне ие болу оңай болмады. Егер ханнан көңіл қалар болса, онда басқа жаққа қоныс аударып та кететін. Алайда кей кездері қаскөйлікке бет алған Тұрсын ханның зымиян іс-әрекеттері халықтың тарихи жадында сақталып қалды. Мұндай дағдарысты жағдайлардың орын алуы ішкі саясатта наразылық туғызды. Заманауи тарихнамалық зерттеулер көрсеткендей қоғамның түрлі салаларының өкілдері хан халықтың мұң-мұқтажын өтеуі қажет, тиесілі қажеттіліктерін шешуі керек, оның қасиетті тұлғасы мен билігі белгілі бір міндеттерді атқаруы тиіс және де ешқандай бассыздыққа жол бермеуі керек деген ойда болғандығын нақты көрсетеді. Сол себепті экономикалық және әлеуметтік мәселелер барысында туындаған жергілікті келеңсіздіктер жалпымемлекеттік деңгейге дейін жетіп жатты. Нәтижесінде кейде ру-тайпалар арасындағы дағдарыстарға хандар да араласып отырды.

Әлеуметтік дағдарыстар мен даулар жер, кісі өлімі, жесір, т.б. жағдайларға байланысты тұтанып, екі тарап келісімге келе алмаған жағдайда өршіп отырды. Алайда мұндай әлеуметтік қақтығыстар уақыты жағынан ұзаққа созыла қоймады, хандықтағы баянды өмір кешудің де бір астары осы болса керек. Қақтығыстарды дер кезінде тоқтатып отыруға қоғам мен мемлекет мүдделі болды және де бұқара халық та тыныштықты қалады. Кез келген қақтығыс мемлекеттік жүйе, оның саяси-діни және ортақ құндылықтары секілді идеологиялық ұстанымдарының мызғымастығына деген белгілі бір жағдайдағы тексеріс есебінде де болды. Соған байланысты қазіргі таңда да тарихтағы түрлі әлеуметтік дағдарыстарға немесе жарылыстарға назар аудару көкейкесті мәселелер негізін құрайды. Кез келген саяси-әлеуметтік дағдарыстарды қарама-қарсы тараптардың зорлық-зомбылық актісі ретінде ғана емес, өзара сөз байласуына, мәмілеге келуіне, қоғам мен билік арасындағы келіссөздердің жүргізілу деңгейіне де мән берген абзал.

Дағдарысқа әрқалай баға беруге болады: біріншіден, дағдарыс дәстүрлі қоғамды реттеуші фактор ретінде танылуы ықтимал, яғни ол қоғамдағы қордаланған белгілі бір мәселелерді реттеу функциясын өзіне жүктейді; екіншіден, пісіп-жетілген ахуалды билікке жеткізетін шарасыздықтан туындаған іс-әрекет; үшіншіден, билік пен халық арасында әлсіреген қарым-қатынасты қайта қалпына келтіретін әдіс. Егер де билік шығарған шешімге екі тарап қанағаттанбайтын болса, онда оның зардаптарын барлығы да тартуы мүмкін. Бітіспес дұшпандыққа барған тараптар әскери қақтығыссыз тоқтамайды. Сол себепті белгілі бір билеушілердің өзара қырқысы кезінде оларды қолдаған топтар да зардап шекті немесе жеңіске жетті. Әсіресе қазақ қоғамы Есім хан мен Тұрсын хан талас-тартысы кезінде екі тарапқа бөлініп, әр жақ өзінікі дұрыс екендігін дәлелдеуге ұмтылды. Әрбір оқиғаға халық тарапынан да баға берілді. Дұрыс немесе бұрыс өлшемдер айтылып, негізгі себеп-салдары, бағыттары мен нәтижелері талқыланды. Осыған орай Есім хан мен Тұрсын хан талас-тартыстарының зардаптары ел есінде қандай тұрғыда сақталғандығына тарихи талдау жасау қажеттілігі де байқалады.

Айта кету керек, біріншіден, сан ғасырлар бойы Қазақ хандығында саяси ойындар, сарай қақтығыстары, текетірестер орын алып келді. Алайда мұндай іс-әрекеттер отандық тарихнамада арнайы зерттеліне қоймады. Екіншіден, өзара қырқыстар фрагменттік тұрғыда немесе басқа да

ауқымды саяси-тарихи үдерістер аясында ғана аталып кетіп отырды да, соның нәтижесінде сарай ойындарына қатысты белгілі бір тарихнамалық стереотиптер кешені қалыптасып қалғандығын ескергеніміз жөн. Үшіншіден, дереккөздерінің герменевтикасы бойынша зерттелінген сол замандағы тұлғалардың әлеуметтік-мәдени феномені, олардың құндылықтар жүйесі мен ділі, тарихи ерекшеліктері көп ескеріле қоймады. Төртіншіден, бұрынғы тарихнама сарайдағы өзара қырқыстар мен текетірестер кезіндегі қазақ ру-тайпаларының жағдайына, олардың мұндай іс-әрекеттерге тартылуына, араласуына, текетірестерге бейімделуіне немесе белгілі бір деңгейде зардаптар шегуіне қатысты мәселе көтере қоймады. Бесіншіден, әлі күнге дейін өзара таластартыстар кезіндегі тұлға (хан, сұлтан, т.б.) мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы қауымдар (ру, тайпа, т.б.) арасындағы байланысты, жасалынған келісімдер мен сарайдағы қантөгіс нәтижелерінің қазақ ру-тайпаларына тигізген әсерін зерделеу кемшін тартып келеді. Мұның барлығы тақырыптың өзектілігін нақты көрсетеді.

Материалдар мен әдістер. Негізгі материалдар жазбаша дереккөздері мен заманауи ғылыми-зерттеу еңбектерінен тұрады. Біздің тарапымыздан мәселені қарастыруда ауызша тарих пен шежірелік материалдар қосымша беріліп отыр. Яғни, жаңаша материалдар негізінде Есім хан мен Тұрсын хан текетіресін біршама толымды түрде сипаттап өту мүмкіндігі бар. Жалпы алғанда, ортағасырлық ортаазиялық деректемелерде Қазақ хандығының бірқатар саяси жайттары айтылады. Олар тіпті негізгі деректемелік қорды құрайды. Өткен ғасырлардан бері ғалымдар сол материалдар бойынша түрлі мәселелерді сипаттап жазып, өз пікірлерін айтып та кеткен. Осы Қазақ хандығының мәселелеріне қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың методологиялық ұстанымдары қаперге алынды. Мақалада қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін негізгі зерттеу тәсілі ретінде тарихи-генетикалық әдіс таңдап алынды. Тарихи-генетикалық әдіс зерттелініп жатқан тарихи шындықтың өзгерістерге ұшырауы үдерістерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Тарихи-салыстырмалы әдіс те қолданылды. Бұл әдіс деректемелерді салыстырғанда, ғалымдардың көзқарастарын жүйелеуде кеңінен пайдаланылды. Сол замандағы адамдардың әлеуметтік және саяси тұрғыдағы танымдық модельдерін ескере отырып психологиялық және ментальды ұстанымдарын түсіндіре алатын тарихи-антропологиялық әдіс те назардан тыс қалмады. Әсіресе тарихи-антропологиялық әдіс арқылы ауызша тарих пен шежірелік материалдарды зерделеуде әлеуметтік және табиғи тұрғыдан оқиғаларды, өмірлік жағдайларды сипаттаған адамдардың мәліметтеріне ерекше ден қойылды. Зерттеу логикасы Қазақ хандығы тұсындағы ру-тайпалардың күнделікті шаруашылық қаракеттерін де ішінара қарастыруға жол ашады.

Тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды өз дамуы бойынша тұтастықта қарауға жетелейтін заманауи тарих ғылымы мен ғылыми методология талап ететін жалпыфилософиялық принциптер (тарихилық, шынайылық, т.б.) мақаланың әдіснамалық негізін құрады. Тарихилық принципі нақты тарихи шындыққа жетелесе, шынайылық принципінің саяси және идеологиялық ұстанымдарға сай мәселені бұрмалауға жол бере қоймайтындығы белгілі. Қазақ хандығындағы жалпы заңдылықтарды және оның ішкі саясаты мен әскери қақтығыстарының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін талдау (анализ), синтез, т.б. жалпығылыми және проблемалық-хронологиялық сияқты арнайы тарихи әдістер де басшылыққа алынды.

Зерттеу мақаласынан келіп туындайтын бағалау мен қорытындылау, нәтижелерге қол жеткізу ең алдымен Қазақ хандығы тұсындағы тарихи деректемелердің негізінде жүргізілетіндігін айта кеткен абзал. Осыған орай деректанулық талдауға, синтезге басымдық берілді де, деректемелер ішкі және сыртқы сыннан өтті. Тарихилық әрбір жекелеген құбылысты, оның қалыптасу себептерінен бастап негізгі даму кезеңдерін қоса қарастыруға мүмкіндік береді. Тарихи зерттеу принципі ретінде тарихилық асқан жауапкершілікті, құбылыстың ішкі заңдылықтарын сақтай отырып көтерілген мәселені кеңінен қарастыруға жол ашады. Ғылыми-тарихи ұстанымының ажырамас бөлігі болып саналатын салыстырмалы әдіс бірнеше мәліметтерді қарастырып, олардың өзара байланысын немесе басқа қырларын зерделеуге мүмкіндік беретіндігін де айта кеткен жөн.

Талқылау. Есім мен Тұрсын хандар өмір сүрген кезеңі, текетірестерінің тарихы және соғысы жайлы көптеген шығыстық дереккөздерінде (Абдолла наме, Тарихи-и Кашгар, Әбілғазы,

Махмуд ибн Уәли, Бахр әл-Асрар, Шараф-нама-йи шахи, Қадырғали, т.б.), қазақ ауыз әдебиетінде және ресейлік сан алуан материалдарда кездеседі.

Қазақ хандығы туралы алғаш рет қалам көтерген мамандардың бірі В.В. Вельяминов-Зернов болғандығы белгілі (Сабденова, 2003: 4-5). Ол назар аударған дереккөздерінде Есім сұлтанның 1598 жылғы қазіргі Өзбекстан аумағына жорық жасаған Тәуекел ханға көмектескендігі, қалаларды жаулап алуда оған арасында ақыл бергендігі айтылады. Ал XIX ғасырда ортағасырлық дереккөздерін талдаған мамандар (Г.И. Спасский, Н. Гродеков, т.б.) Есім және Тұрсын хандар туралы біршама қызықты мәліметтерге назар аударды. Олар Есім ханның тұлғалық қасиетіне, заңнамалар (Есім ханның ескі жолы) қабылдаудағы қызметіне, халық арасындағы беделіне қатысты ойларымен бөлісті, хандардың шығу тегіне, сыртқы саясаттарына қатысты сауалдарға тоқталды. Алайда орыс шығыстанушылары еңбектерінде Есім мен Тұрсын хандар арасындағы соғыстың шығу себептері мүлдем көтеріле қоймады.

Есім мен Тұрсын секілді хандар арасындағы туыстық байланыстардың бар немесе жоқ екендігі де мамандар арасында біршама қарастырылды. Мысалы, XVI ғасыр мен XIX ғасыр алғашқы жартысындағы Бұхар хандығындағы аграрлық қарым-қатынастарды зерттеген М.А. Абдураимов өз кезегінде Есім хан мен Тұрсын хан ағайындылар болған деп қателіктерге бой алдырды (Абдураимов, 1966: 114-115). Шындығында келгенде мұндай мәліметтер ресейлік мұрағаттық құжаттарда айтылған болатын. Екі ханның шығу тегі екі бөлек екендігін белгілі тарихшы, шығыстанушы, Қазақ хандығы тарихының майталман зерттеушісі Т.И. Сұлтанов кейіннен өз еңбегінде нақты дәлелдеп берді (Сұлтанов, 1982: 119). Зерттеуші Тұрсын хан Жәлім-сұлтанның баласы деген қорытынды жасады және өз ойын «Бахр әл-Асрардың» лондондық нұсқасы бойынша нақтылады. Сірә, орыс деректемелерінде осы кездері төре тұқымдарын туыстас бауыр ретінде қарастыру, түсінбеген жайттарын бұрмалау орын алған болса керек.

Қазақстандық зерттеуші В.П. Юдин ортағасырлық деректерді (Тарих-и Шейбани, т.б.) талдау барысында Есім хан жайлы бірқатар мәліметтерге тоқталып кетті. Зерттеуші Есім ханның Жалған Әбд-әл-Ғаффармен болған соғысы туралы баяндайды (Юдин, 1971: 156-157). Оның еңбегіне көптеген ғалымдар сүйеніп келеді.

Көптеген зерттеушілер қол жетімді мәліметтер (ортағасырлық деректемелер, академиялық басылымдар, т.б.) негізінде Есім ханның өткеніне шолу жасады. Мысалы, Е. Қарин секілді зерттеуші Есім хан туралы сипаттап жазып, оның тарихын ішінара баяндап өтеді. Арасында Есім мен Тұрсын хандардың соғысының туу себептерін көрсетпей-ақ, негізгі нәтижелерін, ауыр зардаптарын, бір хан үшін Есім ханның қатағандарды қырып тастауын айыптап та кетеді (Қарин, 1998: 78). Әрине, кез келген соғыс екі тарапқа да оңай тимейді. Сол себепті автордың ойын құптауға да болады. Алайда автор тарапынан шиеленісті талас-тартысты толымды түрде тарқатып бере алмау орын алғандығы да біршама байқалады. Өйткені ол еңбегінде бұрынғы мәліметтерге ғана сүйенді, ал Есім хан ғұмырына байланысты ешқандай жаңаша деректемелерді қолдана қоймаған еді.

Есім хан туралы және Тұрсын хан жайлы деректемелердің барлығын талдап, олардың саяси портретін толымды түрде жасаған Т.И. Сұлтанов болып табылады. Ғалым «Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана» атты еңбегінде саяси элита тарихы арқылы қазақ халқының да өткенін өрбітіп бере алды, сондай-ақ Есім мен Тұрсын хандардың өзара текетіресінің алғышарттарын, оның дамуын және нәтижелерін көрсетті (Сұлтанов, 2001: 209-222). Ол жазбаша дереккөздеріне сүйеніп әрбір билеушінің шежіресін, туыстық қарым-қатынасын, ішкі және сыртқы саясаттағы іс-әрекеттерін, келелі істерін, талайлы тағдырын, т.б. жан-жақты суреттеді. Дегенмен Т.И. Сұлтанов еңбегінде қазақи дереккөздері (шежіре, т.б.) ғылыми-зерттеу материалдары ретінде сирек кездеседі.

Ал көтеріліп отырған тақырыпқа қатысты төл дереккөздеріне сүйену Ж.О. Артықбаев еңбегінде кеңінен қолданылады. Бұл зерттеуші қазақтардың билеуші әулеті тарихының материалдарына қатысты ізденісінде елге танымал тұлғалардың еңбектеріне сүйенді. Зерттеуші тарапынан біздің тақырыпқа қатысты кейде толымды, кейбірде ішінара мағлұматтар беретін Қадырғали Жалайыр (Қадырғали Жалайыр, 1997), Құрбанғали Халид (Құрбанғали Халид, 1992), Шәкәрім Құдайбердіұлы (Құдайбердіұлы, 1991), М.-Ж. Көпеев (Көпеев, 1992) еңбектері қағыс

қалмады. Далалық ауызша тарихнамада өзіндік орны бар ділмәрлардың қолжазбаларына сүйенді (Даланың дара ділмәрлары, 2001). Олардың еңбектерін өз ізденісінде кеңінен пайдалана білді. Сонымен қатар жарияланған ғылыми-зерттеу жұмысында шежіре деректерін, ауызша тарихи материалдарды, аңыз-әфсаналарды, әдеби шығармаларды қоса отырып, белгілі бір оқиғалар мен құбылыстарды қазақи нақышта суреттеуге ұмтылды, қазақша мәліметтерді орыс тіліне аударып, ғылыми ақпаратты еселей түсті. Ол Есім хан мен Тұрсын ханның арасындағы соғысты төл деректемелер негізінде сипаттап шықты, екі билеуші арасындағы соғыстың туындау себептері мен салдарларын бір ізге түсіруге ұмтылды (Артықбаев, 2001: 109-120). Алайда зерттеушінің көбіне ашық дереккөздері мәліметтерін тарихи мәселені шешудегі соңғы инстанция ретінде қарастыруға бейім тұратындығын да айта кеткен ләзім.

Сонымен, көтеріліп отырған тақырыпқа қатысты бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жарияланғандығын көруге болады. Сонда да болса Есім мен Тұрсын хандар ара-қатынасына арналған ізденістер саны да шектеулі екендігі аңғарылады. Есім мен Тұрсын хандар арасындағы соғыс тарихын сипаттап жазған зерттеушілердің басым бөлігі екі билеуші арасындағы текетірес салдарын нақты көрсете қоймайды. Мұның өзі мәселені отандық тарихнамада тиянақты түрде шешіле қоймағандығын көрсетеді.

Нәтижелер. Дамыған орта ғасырлар кезеңіндегі Жошы ұлысының ыдырауы арнайы ізденістерде сипатталып, оның себептері мен салдарлары, нәтижелері іргелі зерттеулерде баяндалды (Сафарғалиев, 1960). Одан кейін қалыптасқан мемлекеттер жайлы дереккөздерінде көптеп айтылды, алуан түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары жарыққа шығып, деректемелік қор әр қырынан зерттеліп те келеді (Источниковедение истории Улуса Джучи, 2001). Бұрынғы Жошы ұлысына тиесілі бір бөлшек ретінде қалыптасқан Қазақ хандығының тарихы да бірқатар академиялық басылымдарда жарияланды, іргелі еңбектерде көрініс тапты (Султанов, Кляшторный, 1992). Қазақ хандығының саяси тарихы С.К. Ибрагимов, К.А. Пищулина, М.Қ. Әбусейітова секілді көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көтерілді. Қазіргі таңда Қазақ хандығының тарихына қатысты қомақты тарихнамалық зерттеулер қоры қалыптасып отыр. Дегенмен жазбаша дереккөздерінің жеткіліксіздігі бірқатар саяси-тарихи сауалдарды толыққанды шешуге мүмкіндік бере қоймайды. Сондай түйіні түйіткілді сауалдардың бірі Есім мен Тұрсын хандар арасындағы орын алған өзара соғыс болған еді.

Бұл жөнінде дулат тайпасына (сиқым) кіретін шуылдық руының шежіресін жинастырған әрі тарихын жүйелеп шыққан Данияр-Бек Дүйсенбайұлы қызықты мәліметтер ұсынады. Данияр-Бек Дүйсенбайұлының «Дос би ұрпақтары (Шуылдақ шежіресі)» атты кітабына алғысөз жазған жазушы Ә.Аймақ автордың шежіре тарқату үрдісімен қатар ел арасындағы ауызша тарихи мағлұматтарды, жазбаша дереккөздерін пайдалана отырып, шежіренің қазақ халқының өсіп-өнуіне тигізер пайдасы мол екендігін, оның туыстыққа, ынтымаққа қызмет ететіндігін атап кетеді. Мұны толық құптауға болады. Автор бірқатар шежіретанушылардың еңбектеріне де тарихи-салыстырмалы талдаулар жүргізе білген, тарихи тұлғалардың (Дулат, Сиқым, Дос би, Есім хан, Тұрсын хан, Әбілғазы, т.б.) өткенін екшеп, кейбір тарихи оқиғалармен байланыстырып отырады.

Тұрсын мен Есім хандар текетіресінде кездесетін тұлғалар дулат тайпасының шежірелерінде айтылады. Шежіренің бірнеше нұсқалары бар екендігін де айта кеткен жөн. Кейбір шежірелерге қарағанда Сиқым негізінен он атаға бөлінеді, олар: Борас (Қарақойлы), Тоғатай, Шуылдақ (Байсейіт), Буас, Құлсейіт (Қусирақ), Ақылбек, Құттыбай, Есбол (Аққойлы), Есенгелді (Аққойлы мен Қарақойлы). Біз тарихи оқиғаларға қатысы болғандықтан тек кейбір ру аталарына ғана тоқталып отырмыз. Келесі бір шежіре мәліметтері бойынша дулат тайпасындағы сиқымнан Жәнібек (Қарақойлы), Әлібек (Аққойлы) рулары тарайды. Олардан басқа да аталары бар (Қазақ шежіресі, 1994). Осы аталып отырған Жәнібектен Құттыбай, одан Бабасейіт, Байсейіт, Құлансейіт, Тоқсейіт тарайды. Байсейіттен Дос би (шын аты Досмұхаммед), ал одан Сары, Шарғы, Алғара, Ақбура, Қаршы, Шәмші аталары өрбиді. Барлық шежірелерде шуылдақ атауы Байсейітпен байланыстырылатындығын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл атаудың Дос биден таралған ұрпаққа тиесілі екендігін нақты көруге болады.

Жалпы алғанда, Аққойлы, Қарақойлы рулары қазақ халқының бірқатар тайпаларында кездеседі. Мысалы, Ұлы жүздегі Ысты тайпасында, Орта жүздегі торғайлық-қостанайлық Қыпшақтар арасында, Кіші жүздегі Табын тайпасында, т.с.с. Бұлардың арасындағы тарихи-генетикалық байланыстар әлі күнге дейін зерттеліне қойған жоқ. Айта кету керек, кейбір шежірелерде сиқымның ішіндегі Қарақойлыдан Наурызбай, Қораз, Рүстем, Томай, Әжі аталарын таратып та жатады. Мұның шындыққа жанаспайтындығын, бұл аталар Ысты тайпасының ішіндегі Қарақойлы руына кіретіндігін кәсіби этнолог-мамандар айтып та өтеді. Олар шежіре деректерін жинастыру барысында Ордабасы ауданы Төрткүл ауылында шоғырланған қарақойлы руының жоғарыдағы аталарын (Наурызбай, Қораз, Рүстем, Томай, Әжі) сиқымға кірмейді деп нақты көрсетеді (Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000). Бұлардың арасындағы Әжі атасы негізінен Шымкент қаласының маңын қоныстанып отыр. Кейбір аталары Қызылорда облысы аумағында, Түркістан облысы аудандарында орналасқан.

Дулат тайпасындағы «Шуылдақ» руының атауын Д.-Б. Дүйсенбайұлы Әбілғазының «Шүбһа-и уәйіл дағ» (Таудағы жұмбақ қырғын, Таудағы құпия қаза) еңбегімен байланыстырады. Яғни, таудағы шу, таудағы шуыл, шуылды тау деген мағына береді. Шамамен бұл кітап 1630-1632 жылдары жазылған, әуелі қолжазба күйінде таралады да, 1646 жылы Бұхарада тасқа басылады. Шежіреде кітаптың түрікше, арабша, парсыша нұсқалары Орта Азия халықтарына, Иран, Түркия жеріне таралғандығы айтылады. Дос би ұрпағы осы кітаптың атауымен «Шуылдақ» аталып кеткен. Аталған кітапты Д.-Б. Дүйсенбайұлы 1981 жылы 30-мамырда оқып, керекті тұстарын жазып алған екен. Кітап Ресей патшасының қолбасшысы М.Г. Черняев Ташкентті жаулап алған кезде Құдияр ханның ордасынан шыққан. Шашылып жатқан кітаптардың біразын Құдияр ханға елші болып барған Қойлыбай деген кісі алып кетеді. Кейіннен «Шүбһа-и уәйіл дағ» кітабы Ташкент облысы Шорабазар қыстағында 1904 жылы туылған Разақберді Базарбайұлының қолына мұрагерлік жолмен түседі. Хасанбай ауылында өмір сүріп жатқан онымен жолыққан Д.-Б. Дүйсенбайұлы кітаптағы оқиғалар желісімен танысып шығады да, мазмұнын және қажетті тұстарын жазып алады (Дүйсенбайұлы, 2001: 21). Ол кітапты мұқабасы қалың, сыртқы бояуы қызғылт-көкшіл, сырты матамен тысталған және түркі тілінде жазылған деп сипаттайды. Сол замандағы өмір қайшылықтары берілген кітапты автор негізгі дереккөздерінің бірі ретінде өз еңбегінде кеңінен пайдаланады.

Автор келтірген мәліметтерге қарағанда, Тұрсын хан мен Дос би арасында бірнеше рет алауыздық туындаған және олардың туындау себептері әрқилы. Мәселені өрбітпес бұрын алдымен Дос би туралы мәліметтерге тоқталып кетсек дейміз. Ауызша және шежіре деректемелеріне қарағанда Дос би 1570 жылы Ташкент қаласында туылды. Мемлекеттік істерге ертерек араласып, бірқатар лауазымдарды атқарды. Тәуекел хан тұсында елге танылып, би атанады. Ташкент қаласына кіретін үш қақпаның функциональды қызметін басқарып, қауіпсіздікті бақылады және адамдардың қалаға кіріп-шығуын қадағалады. Жергілікті елді басқарып, билік жүргізіп отырды. 1927 жылы 12 шілдеде 57 жасында астыртын қастандық құрбаны болады. Ол Ташкент қаласындағы Жүніс хан күмбезінің маңына жерленеді. Одан кейін шежіре мәліметтері Дос биден таралған ұрпақ жайлы да баяндайды. Шежіре ақпараттары бойынша Дос би алты әйел алған, 25 баласы болған. 2 әйелі мен 19 баласы қанды қырғын кезінде қаза болған (Дүйсенбайұлы, 2001: 22).

Кітапта келтірген кейбір ауызша және жазбаша деректерге қарағанда Тұрсын хан 1598 жылы Ташкентке билеуші болып келеді. Өз кезегінде Тұрсын хан елде түбегейлі өзгерістер жасамақ болады да, қаражат тапшылығын қосымша салықтар есебінен көбейтуге ұмтылады. Қалыптасқан ереже-тәртіптерді бұзып баж және хараджы салықтарының көлемдерін ұлғайтады. Тұрсын хан халыққа озбырлық жасап, салық төлейтін адамдарды қорқытып-үркітумен де айналысты. Оған наразы болған халық ашуға булығыады. Өрескел қылық ретінде салықтың көбеюіне наразы болған халық жергілікті танымал тұлғаларға, кеңесшілерге мұңын шағып отырады. Сондай үсті-үстіне салық жинаудан әбден мезі болған Дос би Тұрсын ханның кезекті алым жинау тапсырмасын орындаудан бас тартады. Сөйтіп, Дос би мен Тұрсын хан арасындағы бірінші рет текетірестік орын алады. Ол алым-салықтың шектен тыс көп алуына байланысты туындаған жағдай еді. Дос би халықты қинаудан, орынсыз алым-салық салудан бас тартып, берілген тапсырмаларды орындамай

қояды. Айтқанын істетте алмаған әрі билеушіге қарсы шыққан ой-пікірлерге көнбеген Тұрсын хан Дос биді биліктен тайдыру, қызметтерден шеттету мақсатында оның үстінен шағымдар түсіріп, ел ішіндегі игі-жақсылар кеңесінде тәртібін қарастыруға да тырысады. Алайда кеңес мүшелері Дос бидің іс-әрекетін оңынан бағалайды да, екі жақты келісімге келуге шақырады. Бұған Есім хан да араласып, екі тарапты татуластырады. Осы кездері Тұрсын хан халыққа қысым жасамаймын, әділ билік жүргіземін деп дүйім жұрттың көзінше уәде береді де, ант-су ішеді. Дос бимен татуласудың негізгі белгісі әрі дәлелі ретінде көп алдында қолын ұсынады. Сөйтіп, бұл дау-дамай аяқталғандай болады.

Дос би мен Тұрсын ханның екінші рет өзара ерегісі қырғыздан шыққан Әлікүл Бейсенәліге немесе оның қарындасы Айшаға байланысты туындайды. Әлікүл батыр мал даулап Ташкентке келген кезде, дау ушығып оны Тұрсын хан зынданға тастайды. Есім ханға арқа сүйеген Дос би өз кезегінде жазықсыз жазаланған Әлікүл батырды зынданнан босатып алады. Ауыр күндерде қол ұшын берген Дос биге риза болған Әлікүл батыр оған қарындасы Айшаны қосады. Айшаға үміткер болғандардың бірі Тұрсын хан болған еді. Осыдан кейін оның Дос биге деген ішкі өшпенділігі одан сайын өрши түседі.

Міне, осындай ішкі өшпенділіктер Тұрсын ханның кек алуға деген ұмтылысын одан ары күшейте түсті. Алайда Тұрсын хан өз араздығын күпия түрде ұстайды. Билік жүргізуіне кедергі келтіре берген соң ол Дос бидің көзін жоюға шешім қабылдайды.

Шежіре авторы Д.-Б.Дүйсенбайұлы өзінің еңбегінде Тұрсын ханды қаңлы тайпасынан шыққан билеуші еді, Есім ханның жарлықтарын орындамай, халыққа тізесін батырып, өзін Ташкент ханы деп жариялады, үстеме салық алды, ақша жасап шығарып, сауда айналымына қосты, әскербасылары мен ішкі тәртіп топтарына қаңлы тайпасының өкілдерін тағайындады, сондай-ақ 40 адамнан тұратын ерекше жасақ ұстады, жасақ мүшелері қатаған тайпасынан таңдап алынды олардың аты-жөнін, түр-түсін ешкім білмеді деп жазады (Дүйсенбайұлы, 2001: 17). Көпшілік ауызша мәліметтерге қарағанда да Тұрсын хан қатағандардың билеушісі болған (Көпеев, 1992: 146). Әбд әл-Қадыр ибн Мұхаммед-Әмин шығармасында Тұрсын-Мұхаммед ханның түбі қатаған және олардың басшысы болды делінеді (История Казахстана в персидских источниках, 2005: 241). Қазақ қоғамында тек төре тұқымдары ғана хан сайланатындығын ескерсек, онда басқалардың қарадан шығып хан болмайтындығы белгілі нәрсе. Дегенмен әуел баста Тұрсын хан қатаған тайпасына билеуші болды және де билікке келу барысында қатағандарға сүйенді, қаңлы, т.б. тайпалардың қолдауына ие бола алды. Қатаған тайпасына билік жүргізу оған мұрагерлік жолмен келуі де ықтимал. Кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заманда қазақ қоғамындағы әрбір тайпаны төре тұқымдары билеп тұрғандығы мәлім. Белгілі тарихшы Т.И. Сұлтанов өз кезегінде Тұрсын-Мұхаммед ханның шығу тегі нақты анықтала қоймағандығын айтып өтеді. Оның жазуынша кейбір орыс дереккөздерінде Тұрсын хан Есім ханның бауыры ретінде аталады, ал «Бахр ал-асрар» шығармасының англиялық нұсқасында оны Жәлім-сұлтан ұлы ретінде көрсеткен. Билікке Тұрсын ханның қалай келгендігі де белгісіз, сонда да болса ол Бұхара ханы Имамқұлиды (1611-1642 жылдары билік құрған) пайдаланған және оған хат жазып, елші жіберіп тұрған дейді (Сұлтанов, 2001: 214-216). Демек көршілес ел билеушісіне арқа сүйеген Тұрсын хан қазақ сахарасындағы билікті қолына алған. Алайда хандықта оның билігін мойындамау, ішкі наразылықтардың орын алғанын да байқаймыз. Мұндай наразылықтар ең алдымен жүргізілген ішкі саясаттан туындаған еді. Шығыстанушы-ғалым Т.И. Сұлтанов жоғарыдағы осы еңбегінде Есім ханның билікке екі рет келгені, белгілі бір уақыттарда Тұрсын ханға тәуелді болғандығы туралы мәселе де көтереді. Өзге зерттеушілерге қарағанда кәсіби тарихшы Т.И. Сұлтановтың Тұрсын ханның шығу тегіне қатысты пайымы дұрыс секілді. Өйткені ғалым Тұрсын ханның шыққан тегін, билікке келуін және ел басқару ісіндегі саясатын тарихи жазбаша деректемелер негізінде нақты өрбітіп кеткен.

Жоғарыда аталып отырған шежіре кітапта Дос биге деген араздығын Тұрсын хан білдірмей күпия түрде ұстағандығы айтылады. Билікке таласа береді, шешімдерге кедергі келтіреді деп Дос бидің көзін жою жолын қарастырады. Бірде Есім хан жорыққа аттанып кеткен кезде ол ерекше жасаққа Шымған тауының қойнауындағы Дос би ауылын шабуға тапсырма береді. Баскесерлерден тұратын ерекше жасақ адамдары (40 кісі-мыс) күнілгері барлау жүргізіп, ауылға

барар жолды белгілеп, шілде түнінде ауылға басып кіреді. Шырт үйқыдағы Дос биді, оның он тоғыз баласын, екі әйелін, көрші-қоландарын, сол күні келген меймандарын да өлтіреді. Таудағы қырғын біраз уақыт көпшілікке жұмбақ болып келеді.

Кітаптағы мәтіндерге қарағанда жорықтан елге қайтқан Есім хан жазықсыз кісілерді өлтірген, ауылды қанға бөктірген қарақшыларды іздеп табуға тапсырма береді. Дос би қазасына Тұрсын ханның өзі келіп көңіл айтқан екен. Ешкім оның бұл фитнәға қатысы бар екендігін білмейді. Бұл құпияны Ташкент әмірлігінің кеңесшісі Әбілғазы ашады. Алайда оның қандай Әбілғазы екендігі белгісіз. Кітап авторы оны кейіннен Хиуаны билеген атақты Әбілғазы Баһадүр хан ретінде сипаттайды. Кеңесші Әбілғазыға емші Жанторы Көксегенұлы шақыртумен барып Тоқаман деген жылқышы жігіттің үйінде жатқан бір кісіні емдегендігін айтады. Ол жігіт үстіндегі жарақатын, сынған тоқпақ жілігін емдетіпті. Бейтаныс жігіттің айтуынша жолаушылып келе жатқанда қарақшылар шабуыл жасап, жартастан лақтырып кетіпті. Емші оған қозғалмауға кеңес береді. Дегенмен оның әңгімесіне онша сеніңкіремеген емші кейіннен мұны Әбілғазыға баяндап береді. Осыдан кейін жылқышы Тоқаманға хабар беріліп, ол отырған Күрке белінде жатқан бейтаныс кісі аңдуға алынып, сол маңайға күзетші-бақылаушы қойылады.

Ерекше жасақ құпия кеңесінде қараңғы түнде, жолда жоғалып кеткен серіктерін, яғни Сырғауыл батырды іздестіруге 2 кісіні жібереді. Қанды қырғын болған түні қырық қарақшының бірі Сырғауыл батыр төскейдегі қиыршық тастар жылжып кеткенде астындағы атымен бірге төменге құлап кеткен болатын. Ерекше жасақ тәртібі бойынша жараланған немесе жолға жарамаған өз адамдарын өлтіріп, басын алып кететін. Оның денесін тауып әкелуге жіберілген 2 қарақшы Тоқаман қойған күзетшілер қолына түседі. Сол жерде тергеу басталып, құпия мәлім болады.

Бұл хабар Есім ханға жеткізіледі. Есім хан өз кезегінде Тұрсын ханнан мән-жайды сұрайды. Бірақ Тұрсын хан ештеңені мойындай қоймайды, тіпті Есім ханға сес те көрсетеді. Біраз уақыттан соң Сырғауыл батыр мен оны іздеп келген екі сыбайласы болған қылмысты толығымен мойындайды да, Тұрсынның ұйымдастырған іс-әрекеті екендігін баяндайды. Халыққа Тұрсын ханның екіжүзділігі, қанішерлігі мәлім болады да, кезінде Дос биге берген уәдесін бұзғаны әрі антқа берік болмағандығы үшін оған «Тұрсын ханды ант ұрсын!» деп қарғыс та айтады (Дүйсенбайұлы, 2001: 20). Антқа байланысты тағы бір ауызша мәліметтерді этнолог-зерттеуші Ж.Артықбаев та келтіреді. Этнолог-зерттеуші жорықтан келе жатқан Есім ханның Түркістанға шабуыл жасап, мұны қаңғытып жіберген Тұрсынның іс-әрекетіне қатысты «Қатағанның хан Тұрсын, қай арамды ант ұрсын!» деген сөз сол кезден қалғандығын айтқан М.Ж. Көпеевтің мәліметтеріне тоқталады (Артықбаев, 2001: 118). Осыған қарағанда Қазақ хандығы дәуірінде антқа берік болуы, сертті сақтау және уәде мен сөзге бекем болу сынды асыл қасиеттердің халық арасында кеңінен таралғандығын көреміз, оны бұзған адамға ел болып, жұрт болып қарғыс айтты және қарғыстан да, наладан да қорықты.

Халық ауыз әдебиетінде антқа қатысты мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жеткілікті. Мысалы: Ант ішкеннің мыңы өледі, у ішкеннің бірі өледі; Ант бұзған оңбайды, Салт бұзған сорлайды; Айбынды салтын ел бұзбас, Адамдық антын ер бұзбас; У ішкен бір өледі, Ант ішкен мың өледі; Ашу үстінде Ант жүрмейді, т.б. Сондай-ақ антқа байланысты да, Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы талас-тартысқа қатысты жыраулық поэзияда да әдеби сюжеттер, жауынгерлік сарындар кездеседі. Мәселен: «Ей, Қатаған хан Тұрсын! Кім арамды ант ұрсын. Жазықсыз елді жылатып, Жер тәңірісің, жатырсың, Хан емессің қасқырсың, Қара албасты басқырсың! Алтын тақта жатсаң да Қазаң жетті қапылсың! Еңсегей бойлы ер Есім, Есігіңе келіп түр, Шашқалы түр қаныңды, Кешікпей содан қатарсың!» (Ай, заман-ай, заман-ай, 1991: 52).

Халық ауыз әдебиетінде Тұрсын ханның зұлымдық іс-әрекетіне шыдамаған Есім хан ашуланып кетіпті де, біраз уақытқа жынданып, есін жоғалтыпты деген әңгіме де бар. Мұның бір нұсқасын М.-Ж. Көпеевке сүйенген Ж. Артықбаев жоғарыда аталған еңбегінде келтіреді. Еліне жақындап қалғанда Тұрсын хан мұны алдап, қаңғытып жіберіпті, Түркістанды шауыпты деген сыңайдағы мәліметтерді естігенде жынданыпты деп келтіреді (Артықбаев, 2001: 117). Есім ханның ашу-ызасын тудырған, оның жындануына қатысты ауызша тарихи мәліметтердің бір парасын М. Тынышпаев та атап өтеді. М. Тынышпаевқа 1923 жылы Бөген өзені алабында,

Шошқабұлақ кенті маңында тіршілік етіп жатқан руы ошақты Бәзек деген ақсақал халық арасындағы ауызша тарих мәліметтерін баяндап берген екен. Оның мәлімдеуінше Есім хан жорықтан қайтып келе жатып Күйік тауының маңында Тұрсын ханның бұзауларын бағып жүрген бір кемпірді көреді. Сөйтсе кемпір Есім ханның өз анасы екен, бұған ашуланғанда оның кеудесін ыза мен күйік кернейді. Осыған байланысты аталмыш жер «Күйік» (Түлкібас өңірі – авт.) деп аталып кетіпті. Ал Арыс өзені бойымен келе жатып өз ауылының жұртына кезігеді. Бұл жерде Есім ханның бала-шағасы Тұрсынның малын бағып жүр екен. Мұны естіп ашуға булыққан Есім хан құтырынып, тездетіп жаңа әскер жияды да, Тұрсын ханға қарсы шұғыл түрде аттанады, ал жер атауы сол себепті де «Құтырған» (Арыс пен Боралдай өзендерінің аралығы) деп аталып кетеді (Тынышпаев, 1993: 157-158). Сірә, осы Құтырған деген жерде Есім хан әбден ашуға булығып, қатты қапаланған болса керек. М.-Ж. Көпеевтің де айтып отырғаны осы болуы әбден кәдік.

Ауызша тарихи мәліметтер Тұрсын ханның өліміне қатысты әртүрлі ақпараттар легін береді. Мысалы, М. Тынышпаев келтірген ақпаратта Есім хан Тұрсынға тез жетіп, оның қарамағындағы қатағандарды қырып салады, Тұрсынның өзін шауып, «Хан Тұрсынды ант ұрсын» деп өз қолымен оны өлтіреді (Тынышпаев, 1993: 158). М.-Ж. Көпеев жазбаларына қарағанда Есім хан Тәшкентке кіріп, көзіне көрінгенді қырып, хан Тұрсынды өлтіріпті (Артыкбаев, 2001: 118). Ал Д.-Б. Дүйсенбайұлы Тұрсынды 1628 жылы көктемде Сырдария жағалауындағы шағын ауылға барған сапарында Есім ханның әскері қоршауға алып, басын қылышпен шауып өлтіріпті дейді (Дүйсенбайұлы, 2001: 20). Бірқатар мәліметтерде екі ханның арасындағы соғыс Сайрам жерінде болды деп те айтылады. Ал «Бахр әл-асрар» мәліметтеріне сүйенген М.Х. Әбусейітова Есім мен Тұрсын хандардың шайқасы Ташкент түбінде болған, Тұрсынды маңайындағылар өлтірген, осыдан кейін Бұхара ханы Есім сұлтанға Ташкентті, Түркістанды билеу тізгінін тапсыру туралы грамота берді деп мәлімдейді (Әбусейітова, 1998: 428). Сонымен қатар зерттеуші Есім хан Тұрсынға бағынатын әрі Түркістан өңіріне шапқыншылық жасаған қатаған тайпасын да қырғанын айтады. Кейбір мамандар мәліметінше қатағандардың бір бөлігі Шығыс Ауғанстанға кетсе, басқалары Шығыс Түркістан аумағында ұйғырлар құрамына, біраз бөлігі Бұхара жеріне өтіп кеткен. Кейіннен қатағандар қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ ұлттарының құрамына енді. Қазақ шежіресінде олардың басым топтары шанышқылы арасына, аздаған бөлігі қаңлы құрамына еніп кетеді.

Қорытынды. Тұрсын мен Есім хандар талас-тартысынан кейін тұтанған соғыс нәтижесінен қазақ тайпалары едәуір зардап шекті. Әсіресе қатаған тайпасының өкілдері қырғынға ұшырады. Тарихта оны кейде «қатаған қырғыны» деп те айтып жатады. Оның кейбір тұстары халықтың ауызша тарихында, шежіресінде сақталып қалған. Солардың бір парасы осы мақалада көтерілді. Біздің тарапымыздан осы мәселеге қатысты мынадай жайттарға назар аударған жөн сияқты: біріншіден, шуылдақ руының шежіресіне пайдаланылған кітап (атауы: Шүбһа-и уәйіл дағ) біздің тарапымыздан күмән туғызады. Оның бірқатар себептері бар. Екіншіден, осы аталған шығарма жайлы мәліметтерді саралау керек, мүмкіндік болса түпнұсқасын алып, басып шығару қажет және де авторын айқындаған ләзім. Егер оның авторы Әбілғазы болса әрі ол бірнеше тілде басылып таралса онда ғылымда бұл шығарма неге әлі күнге дейін белгісіз болып келеді деген заңды сұрақ туындайды. Жалпы алғанда, Әбілғазы үшін Тұрсын хан да, Есім хан да бірдей болды, екеуі де оны сарайларында ұстап, қолдау көрсетті. Ал олардың текетіресіне немесе талас-тартысына Әбілғазы араласпаған болса керек. Егер шығарма Әбілғазының еңбегі болса оның өз шығармасын көбейтуге, кеңінен таратуға мүмкіндігі болғандығы белгілі. Неге кезінде көбейтіп, жарыққа шығармағандығы белгісіз. Ғылыми көпшілік Әбілғазының бұл еңбегінен мүлдем хабарсыз. Сол себепті «Шүбһа-и уәйіл дағ» авторы Әбілғазы деу күмән туғызады. Бұл шығарма Әбілғазымен аттас кісінің жазған еңбегі, тізіп шыққан қызықты оқиғалар легі де болуы ықтимал. Еңбектің таралмай, көпшілікке жетпей жатуы осыны аңғартса керек. Сол себепті аталған еңбекті тауып деректанулық, лингвистикалық, мәтіндік, тарихи-салыстырмалы, т.б. ғылыми талдаулардан өткізген абзал. Үшіншіден, шуылдақ шежіресінде кездесетін ортағасырлық және жаңа замандағы тарихи оқиғалар, кісі аттары Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан жеріндегі тарихи танымдармен, географиялық нысандармен жиі ұштасып жатады. Яғни, шежіреден тарихилықты, т.б. жайттарды байқауға болады. Автор тарапынан ауызша айтылып келген шежірелік деректемелер бір жүйеге

түсірілген, хронологиялық тәртіппен арнайы түрде баяндалған. Әрбір тұлғаның қадір-қасиеті, ғұмыры, өнегелі істері нақты түрде өрбітілген. Қалай болғанда да шежірелік кітаптағы кейбір жайттар назар аударуға тұрарлық. Әсіресе ел ішінде орын алған келеңсіздіктер, ішкі саясаттағы Тұрсын ханның жіберген қателіктері, т.б. қызықты. Дулат тайпасындағы шуылдақ руының атасы болған Дос би тағдыры арқылы Қазақ хандығында орын алған текетіретер жайлы мәліметтер беріледі.

Есім хан мен Тұрсын ханның талас-тартысына өзара бақталастық қана емес, сонымен қатар ел ішінде қордаланған жайттар, ер дауы секілді мәселелер де көтеріліп, билеушілердің арасын ушықтыруы әбден мүмкін. Өйткені әрбір билеуші белгілі бір әлеуметтік топтардың немесе ру-тайпалардың қолдауына сүйену мақсатында түйіні түйіткілді сауалдарды әрдайым оңтайлы түрде шешіп жүруге, елдің тұтастығын сақтауға және өз беделінің өсуіне мүдделі болғандығы жасырын емес.

Ауызша тарих пен шежірелік материалдарды Қазақ хандығының тарихын қайта жаңғыртқанда пайдалану қажеттілігі отандық тарихнама мен деректануда нақты түрде байқалып келеді. Кез келген ақпаратты ішкі және сыртқы сыннан өткізіп, өзге де ғылыми-зерттеу принциптерін қолдана отырып тарихилығын, т.с.с. анықтау қажет. Айтылған тарих кейде бір-біріне кереғар мәліметтер беріп те жатады. Мұны жоғарыда айтылған Тұрсын ханның өліміне, т.б. жайттарға қатысты алуан түрлі нұсқада аяқталынатын оқиғалар легі де нақты көрсетіп отыр. Сол себепті ауызша тарих пен шежірелік материалдарды пайдаланған кезде мұқияттылық танытып, әрбір дереккөзіне ыждаһатталықпен қараған абзал.

Information about the authors:

G.E. Sabdenova – al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty; gulmiras2801@gmail.com;

D.S. Baigunakov – Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty. dosbol_bs@mail.ru.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Абдураимов М.А. Очерки аграрных отношений в Бухарском ханстве в XVI - первой половине XIX века. – Ташкент: Фан, 1966. – Т.1. – 369 с.

Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында: Ұлы жүздің шежіресі. – Алматы: Атамұра, 2000. – 204 б.

Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). 2-томдық. – Т.1. – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі Мемлекеттік комитеті бас редакциясы РББ, 1991. – 880 б.

Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. – Алматы: Ғылым, 2001. – 204 с.

Әбілғазы. Түрік шежіресі / Көне түрік тілінен ауд. Б.Әбілқасымов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.

Әбусейітова М.Қ. XVII ғасырдың басындағы саяси жағдай. Талас-тартыстар. Бұхара хандығымен өзара қарым-қатынастар. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Т.ІІ. – Алматы: Атамұра, 1998. – Б. 425-428.

История Казахстана в персидских источниках. – Т.2. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 692 с.

Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. – Казань: Ин-т истории АН РТ, 2001. – 428 с.

Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001. – 592 б.

Дүйсенбайұлы Д.-Б. Дос би ұрпақтары (Шуылдақ шежіресі). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. – 304 б.

Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 380 с.

Көпеев М.-Ж. Таңдамалы. Екі томдық. – Т. 2. – Алматы: Ғылым, 1992. – 224 б.

Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы. 1997. – 128 с.

Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 160 б.

Қарин Е. Хан Есим: в лабиринтах власти. Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности). – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 368 с.

Құдайбердіұлы Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, Сана, 1991. – 80 б.

Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих) /Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

Сабденова Г.Е. В.В. Вельяминов-Зернов – Қазақ хандығының құрылуы тарихын алғаш зерттеушілердің бірі. // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 1998. – №9. – Б.101-105.

Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск: Мордовское книжное издательство, 1960. – 279 с.

Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). – Москва: Издательство «Наука» Главная редакция восточной литературы, 1982. – 134 с.

Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.

Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 224 с.

Юдин В.П. «Тарих-и Шейбани» как источник по истории казахского и каракалпакского народов XVI-XVII вв. Тезисы докладов научной конференции профессорско-преподавательского состава КазГУ. Гуманитарные науки. – Алма-Ата, 1971. – С. 23-29.

REFERENCES:

Abduraimov M.A. Ocherki agrarnich otnoshenii v Buharskom hanstve v XVI - pervoy polovine XIX veka [Essays on agrarian relations in the Bukhara Khanate in the 16th - first half of the 19th century]. – Tashkent: Fan, 1966. – Т.1. – 369 p. [in Russian].

Argynbaev Kh., Muqanov M., Vostrov V. Kazak shezhiresi xakinda: Uli zhuzdin shezhiresi [About the Kazakh shezhire: Shezhire of the Senior Zhuz]. – Almaty: Atamura, 2000. – 204 b. [in Kazakh].

Ai, zaman-ai, zaman-ai... [Ai, zaman-ai, zaman-ai...]. (Bes qasyr zhyrlaidy). 2-tomduk. – Т.1. – Almaty: Kazakh SSR Baspasoz zhonindegi Memlekettyk committee bass editorial board RBB, 1991. – 880 b. [in Kazakh].

Artykbaev Zh.O. Materialı k istorii pravyashchego doma kazahov [Materials on the history of the ruling house of the Kazakhs]. – Almaty: Gylym, 2001. – 204 b. [in Russian].

Abilgazy. Turk shezhiresi [Turkish Chronicle] / Kone turik tilinen aud. B. Abilkasymov. – Almaty: Ana tili, 1991. – 208 p. [in Kazakh].

Abuseyitova M.K. XVII gasırdın basındaǵı sayası jagday. Talas-tartystar. Buxara handgymen ızara qarım-qatynastar. [The political situation in the early seventeenth century. Disputes. Relations with the Bukhara Khanate]. Kazahkstan tarihy (kone zamannan buginge deiin). Bes tomdyq. – Т.ІІ. – Almaty: Atamura, 1998. – В. 425-428. [in Kazakh].

Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh [History of Kazakhstan in Persian sources] Т.2. – Almaty: Diyke Press, 2005. – 692 p. [in Russian].

Istochnikovedeniye istorii Ulusa Dzhuchi (Zolotoy Ordy). Ot Kalki do Astrakhani. 1223-1556. [Source of the history of Ulus Juchi (Golden Horde). From Kalka to Astrakhan. 1223-1556]. – Kazan: Institut istorii AN RT, 2001. – 428 p. [in Russian].

Dalanun dara dilmarlary [Individual steppe speakers]. – Almaty: JŞS «Qazaqstan» baspa ыy, 2001. – 592 p. [in Kazakh].

Duisenbaiuli D.-B. Dos bi urpaktarı (Chuildak shezhiresi) [Descendants of Dos Bi (Chronicle of Shuyldak)]. – Almaty: KAZakparat, 2001. – 304 b. [in Kazakh].

Klyashtorny S.G, Sultanov T.I. Kazakhstan. Letopis trex tysyacheletiy [Kazakhstan. Chronicle of three millennia]. – Alma-Ata: Rauan, 1992. – 380 p. [in Russian].

Kopeev M.-Zh. Tandamalı [Optional]. Eki tomdıq. – Т. 2. – Almaty: Gylym, 1992. – 224 p. [in Kazakh].

Kadyrgali Zhalayir. Shezhireler Zhinagy [Collection of genealogies]. – Almaty. 1997. – 128 p. [in Kazakh].

Kazakh Shezhiresi [Kazakh chronicle]. – Almaty: Atamura, 1994. – 160 p. [in Kazakh].

Karin E. Khan Yesim: v labirintah vlasti [Khan Yesim: In the labyrinths of power]. Pervye lica gosudarstva: polytysheskiye portrety (s tozki zreniya istorii i sovremennosti). – Almaty: Kazakhstan Development Institute, 1998. – 368 p. – P.71-81. [in Russian].

Kudaiberdiyuly Shakarim. Turk, qırғız-qazaq ham handar shezhiresi [Chronicles of the Turks, Kyrgyz-Kazakhs and khans]. – Almaty: Kazakhstan, Sana, 1991. – 80 p. [in Kazakh].

Kurbangali Khalid. Tauarikh Hamsa (Bes tarih) [Tauarikh Hamsa (Five Plants)] / Aud. B. Totenaev, A. Zholdasov. – Almaty: Kazakhstan, 1992. – 304 p. [in Kazakh].

Sabdenova G.E. V.V.Veliaminov-Zernov – Kazak handıgının qurılıu tarihın algashki zertteuszhilerdin biri [V.V.Veliaminov-Zernov is one of the first researchers of the history of the Kazakh Khanate]. // KazMU Habarszhusu. Taryh seriesi. – 1998. – №9. – P.101-105. [in Kazakh].

Safargaliev M.G. Raspad Zolotoi Ordy [The fall of the Golden Horde]. – Saransk: Mordovskoye knizhnoye izdatel'stvo, 1960. – 279 p. [in Russian].

Sultanov T.I. Kochevyeye plemena Priaralya v XV-XVII vv. (voprosy etnicheskoy i sotsial'noy istorii) [Nomadic tribes of Priaralya in the XV-XVII centuries (questions of ethnic and social history)]. – Moscow: Izdatel'stvo «Nauka», Glavnaya redaktsiya vostochnoy literatury, 1982. – 134 p. [in Russian].

Sultanov T.I. Podnyatyeye na beloy koshme. Potomki Chingiz-khana [Raised on a white coshme. Descendants of Genghis Khan]. – Almaty: Diyke Press, 2001. – 276 p. [in Russian].

Tunyshpaev M. Istoriya kazakhskogo naroda [History of the Kazakh people]. – Almaty: Kazakh University, 1993. – 224 p. [in Russian].

Yudin V.P. «Tarikh-i Sheybani» kak istochnik po istorii kazakhskogo i karakalpakskogo narodov XVI-XVII vv. ["Tarikh-i Sheybani" as a source on the history of the Kazakh and Karakalpak peoples of the 16th-17th centuries]. Tezisy dokladov nauchnoi konferentsii professorsko-prepodavatelskogo sostava KazGU. Gumanitarnue nauki. – Alma-Ata, 1971. – S. 23-29. [in Russian].

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_249-252

FTAMP 03.23.55

СЫН-ШҚІР

Нәбижан Мұқаметханұлы. «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» кітабына /Ред.: ҚР ҰҒА академигі Х.М. Әбжанов, тарих ғылымдарының докторы А.И. Құдайбергенова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 250 б.

К.Н. Балтабаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: kulgazira_777@mail.ru (Балтабаева)

Рецензия «Отандастар қоры» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының «Қазақтардың Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің аумақтарын қоныстану тарихын зерделеу» жобасын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Нәбижан Мұқаметханұлын Қазақстандағы, Қытайдағы, тіптен әлемдегі қазақ диаспорасына таныстырудың қажеті жоқ, тек ғылымға енді ғана келген, тарихқа жаңадан ден қойып жүрен жас зерттеушілер болмаса. Автор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогикалық қызметін атқара жүріп, Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арнап жазған «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты іргелі монографиясын жариялады. Мұнда ескеретін жайт, бұл еңбек мемлекет қаржыландыратын қандай да бір міндеттелген ғылыми жоба аясында орындалған жұмыс емес, автор өзінің жүрек қалауымен көп жылғы зерттеуінің тұжырымдамасы іспеттес құнды дүние. Одан біз автордың кәсіби тарихшы, қытайтанушы және саясаттанушы ғалым екенін аңғарамыз.

Аталмыш монография бес тараудан құралған. Онда XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықта, қазақ диаспорасының қалыптасуына ықпал еткен негізгі оқиғаларды халықаралық қатынастардағы күрделі өзгерістерге байланыстырып пайымдайды. Зеттеуші бұл тақырып аясындағы өзіне дейінгі ғалымдардың тарихнамасын барынша оқып саралай отырып оң бағасын берген (9-13 бб.). Қазақстандағы Қытай, Моңғолия және Ираннан келген тарихшы, лингвист шығыстанушы қандас (репатрианттардың) ғалымдардың ғылыми еңбектерінің құндылығын жоғары бағалайды. Ал дереккөздерге тоқталғанда, естелік жанрындағы дерек материалдары ретінде пайдалану барысында, оларды басқада тарихи жазба құжаттармен салыстырып қолданудың қажеттілігін нақты мысалдармен атап көрсетеді. Сондай-ақ «...мемуарлық еңбек жазушылардың тарихқа да, жас ұрпаққа да, өзіне де жауапкершілікпен қарап, көздері көрген, басынан кешкен шындықты ғана жазып қалдырғаны абзал болар еді» (15 б.), - деп ескертеді.

Монографияның «Қазақ халқының бөліну үдерісі» деп аталатын бірінші тарауында, халқымыздың бөліну үдерісінің - еліміздің тағдырын басқа мемлекеттер шешуімен байланыстырып түсіндіреді. Оның себептерін Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардағы өзгерістер негізінде қарастырады. XVIII ғасырдың 30-жылдары қазақ қоғамының саяси өміріне Ресейдің отарлық саяси факторының қосылғанын (21 б.), ал 50-жылдары «Шығыс бүйірден Цин империясының қысқан жағдайының қалыптасқанын» (25 б.) атап көрсетіп, қазақ даласының екі империяның таласына түскенін түсіндіреді.

Жұмыстың «Қазақтардың Қытай мемлекеті құрамында қалуы» атты параграфында, қазақтардың Алтай, Тарбағатайдағы және Іледегі атажұртына қалай көшіп барғаны және Цин империясының құрамында қалай қалып қойғаны тарихи құжаттар негізінде талданып көрсетіледі.

Автор Ресей мен қытайлық Цин империясы кезіндегі екі елдің әлеуметтік даму деңгейіндегі айырмашылық мәселесіне талдау жасайды. «Ол кезде патшалық Ресейде капиталистік өндірістің дами бастауына байланысты, оларға шикізат көздері және одан өндірілген өнімдері саудалайтын нарық қажет болды. Сондықтан олар экспанциялық бағытта – Қазақстан, Орталық Азия, одан әрі Үнді мұхитына бет алды. Бұл мақсатын іске асыру үшін орыс үкіметі әскериленген қоғамдық күшті, яғни баукеспе казактарды алға салып пайдалану саясатын қолданды», - дейді.

Ал Цин империясы ертеректе Жоңғар хандығының бақылауында болған қазақ жерлеріне саяси бақылау орнатуды көздеді. Сондықтан олар казактардың шығыстағы атажұртына қайта көшіп баруын шектеу саясатын қолданды. Алайда екі ел арасында саяси және экономикалық сауда байланыстарының өрістеуіне байланысты казактар шығысқа қарай жылжып көшіп отырды. Тіпті Цин империясының шекара қарауылдарынан өтіп барып қоныстанды. Сонымен Ресей отарындағы казактар және Цин империясына тәуелді казактар құбылысы қалыптасты. Қытай мен Ресей өздерінің қазақ даласындағы мемлекеттік шекарасын анықтап алу керек болды.

1864 жылдың 7 қазан күні Қытай мен Ресей өкілдері Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс-солтүстік шекараны делимитациялау келісіміне» қол қойды. Аталмыш Құжат бойынша қазақ жерінің Қытайға тиген бөлігіндегі казактар жерімен бірге Қытайға, ал Ресейге тән болған өңірдегі казактар тұрған жерімен бірге Ресейдің құрамына енді.

Содан кейін қытайлық ресми құжаттарда жаңа түсініктер қолданысқа енді: «Ресей казактары», «Ресейге қараған казактар» және «Қытай казактары», «Қытайға қараған казактар» деген жаңа қоғамдық құбылыс (феномен) қалыптасты. Цин империясы провинцияларды әскери-әкімшілік жүйемен басқарған. Іле және Тарбағатай өңірлерінің казактары Іле генерал-губернаторының басқаруына қарады, ал Алтай өңірі казактарды Улиастай генерал-губернаторының Қобдадағы уәзіріне басқартады. Алайда казактардың дәстүрлі қоғамдық басқару формасы сақталды. «Ақалақшы (Болыс), Мыңбасы, Үкіртай, Гун, Тайжи деген сияқты көптеген тең дәрежелі мансап титулдарын тағайындап, солар арқылы казактарға үстемдік жүргізді» (36 б.).

«Шет елдегі казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасы» деп аталған екінші тарауында, казактардың Қытай Республикасы (1912–1949 жж.) кезіндегі қоғамдық жағдайы мен тіршілік тәсілдерін ашып көрсетеді. Содан кейін 1949 жылдан бергі Қытай Халық Республикасындағы қоғамдық өзгерістерді және олардың соңғы 70 жыл ішінде қазақ қауымдарының тағдыр-талайы, мәдениетіндегі дамуы мен тоқырауы тарихи тұрғыдан пайымдалады.

Қытайдағы казактардың жан санының өсуіне Қазақстаннан барған босқындардың үлкен ықпалы болғаны да пайымдалады: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушылары және олардың отбасы мүшелері; Кеңес үкіметіндегі 1920–30 жылдардағы саяси жағдай, аштық пен саяси қуғын-сүргіннен бойтасалағандар қосылды. Бұл босқындардың келуімен Қытайдағы қазақ қауымының саны артып қана қоймай, олардың сапасы да өзгерді, - дейді. Соның нәтижесінде Қытайда тұрып жатқан казактар екі түрлі топтан құралады: басым көп бөлігі – кезінде шекара делимитациялаудан бұрын атажұртында барып орныққандар, яғни өздерін байырғы атажұртында отырмыз деп санайтындар; екінші топты құрайтындар - Кеңес Одағы кезінде түрлі себептермен ауып барғандар.

Автор архив құжаттарына сүйене отырып, Қытайдағы казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасын тұжырымдап сипаттайды. Сондай-ақ Моңғолия жеріндегі казактар - XIX ғасырдың соңғы жартысында Қытайдың Алтай аймағынан көшіп барған Абақ-керей тайпалары және XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстанның Марқакөл мен Зайсан аудандарынан босып барған Наймандардан қауымдасқан. Олардың Моңғол мемлекет құрамына қабылдану барысы ұзаққа созылғанын пайымдайды. Екінші тараудың екі параграфы Моңғолиядағы казактардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық ортасы және әлеуметтік дамуына арналған (40 б.). Оларды казактардан шыққан бір гун мен 15 үкірдай басқарды. Моңғолиядағы казактардың жайылымдық жерлерінің кеңдігі мен өміршең рухы олардың моңғол далаларында сақталып қалуы мен дамуына негіз болды. Ал Моңғол мемлекетінің дербестігі ондағы казактардың азаматтық алуына және әлеуметтік саяси істерге қатысуына алғышарт әзірледі деп тұжырымдайды автор.

Н. Мұқаметханұлы Қытайдағы қазақ босқындарының күрделі мәселелеріне ерекше мән беріп, оларға «Қазақтардың алыс шетелдерге босып кетуі» деген жеке параграф арнайды.

Автор Алтай аймағы қазақтарының ішкі көшіп-қонуының негізгі бес себептерін анықтайды, яғни олардың шығысқа үдере көшуі және Шэн Шицай губернаторының зұлымдық саясатының салдары, оның Кеңес Одағының қолдауымен жүргізген тағылық саясаты екенін талдап көрсетеді. 1940-шы жылдары Қытайдағы қазақ қауымының саны азайды, өйткені саяси өзгерістерге байланысты және Шыңжандағы қозғалыстарға орай қазақтардың елден шеттеп, тіпті шөл басып, тау асып алыс шетелдерге босып кеткен-ді.

Қытайдың оңтүстік батысынан Кашмирге өтіп барған босқын қазақтарды, 1953 жылы Түркия Республикасы қабылдайды. Автор Түркияның бауырлас халықтың тағдырына көрсеткен көмегін жоғары бағалайды. Түркия елі 3000-ға жуық қазақ босқындарды қабылдаған еді, олардың жан саны өсіп ХХ ғасырдың 80-ші жылдары 11 690 адамға жетті (60, 62 бб.). Қазақтар жаңа ортада еркіндікке қол жеткізе отырып өздерінің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартты. Олардың біршамасы Еуропаға еңбек миграциясы ретінде қоныс аударып Франция, Германия, Ұлыбритания, Норвегия және т.б. елдерде тұрақтады. Еуропадағы қазақтардың жалпы санын, Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстаннан барған қазақтарды қосқанда жалпы саны 10 000 адам шамасында деп есептейді. «Бірақ заман өте келе олардың ұрпақтары қазақы болмысынан, ұлттық сана-сезімінен, ұлттық құндылықтардан айырылып бара жатқанын жасыра алмаймыз және ол үдерісті тоқтата да алмаймыз» деп үлкен өкінішпен тұжырым жасайды (63 б.).

III-тарау «Қазақ халқының ортақ ұлттық санасы» деп аталған, бұл бөлімде маңызды пәнаралық мәселелер қамтылған: «Қазақ халқында ұлттық ішкі бірліктің сақталуы», «Қазақы сананың әлеуметтік және рухани әлеуеті», «Қазақтардың ұлттық бауырмалдығы және мәдени байланыстары», «Қазақтардың саяси жатсынуы және этникалық танымы» деген тақырыптарды терең тарқатып сипаттайды.

IV-тарау «Тәуелсіздік және қазақ халқының жаңаша тұтастану үдерісі» деп аталады. Мұнда зерттеуші Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің арқасында қазақ халқының жаңа форматтағы біртұтастану үдерісін пайымдайды. Автордың пайымы бойынша, Қазақстандағы ұлттық бірегейлену үдерісінің дамуы – әлемнің төрт бұрышында жүрген қазақтарда ортақ ұлттық санасының болуына байланысты өрістеген. Шетелдерде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтар, «бөтен» саяси мәдениеттің ықпалында ұшыраса да, олардағы қазақы сана-сезім оларды тарихи отаны - Қазақстанға «жұмсақ» оралуына ықпал етеді.

ХХ ғасырда қазақ халқы негізінен социалистік жүйедегі қоғамда өмір сүрді. Оларды мемлекеттік әкімшілік шекаралар бөліп тұрғанына қарамастан, қоғамдық-гуманитарлық ортадағы уақыт пен кеңістіктегі өздеріне ғана тән қасиеттерін сақтап қалды. Қытай, Моңғолия мен Қазақстан қазақтарының арасындағы халықтық коммуникация жалпы ұлттық сана-сезім мен құндылықтар талғамын сақтауға ықпал етті. Сондықтан да тәуелсіздік жағдайында шетелдердегі қазақтар Отанға оралып, жаңа тарихи дәуірде тұтастануға ойысты деп санайды автор. Сондай-ақ ол бүкіл ұлт болып, ел болып біртұтастанғанда ғана Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қамтамасыз етеді деп тұжырымдайды.

Автор осы көзқарасын дәйектей түсу үшін монографиясының V тарауын «Қандастар және Мәңгілік ел болу» тақырыбына арнапты. Өте орынды. Бұл тарауда қандастардың (репатрианттардың) елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани жаңғыруындағы атқарып отырған қызметін нақты мысалдармен айқын көрсеткен. Еліміздің демографиялық әлеуетінің артуына, бизнес кәсіпкерліктің дамуына, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюіне, отандық ғылым, білім беру саласы мен медицина-денсаулық қорғау істеріне қосқан қомақты үлестері нанымды пайымдаған.

Ғалым осы бір монографиясын жазарда жалпыәлемдік зерттеу әдістерін органикалық түрде қолданған: жүйелі талдау, синтез, дедукция, индукция статистикалық салыстыру және тарихи культурология т.б. Салыстырмалы-сәйкестік және мәселелік-хронологиялық әдістер хронологиясы аясында, алайда ол түрлі өңірлер, елдер мен жағдаяттағы тарихи құбылыстардың жалпылығы мен даралығын анықтауға мүмкіндік берген. Біз бұл жерде тек тарихи ілімнің кеңеюін ғана емес, сонымен бірге жаңа әдістемелік тәсілдерді көріп отырмыз, – қазақ халқының

тарихындағы тағдыршешті мәселелерді көтеру арқылы оның егемен Қазақстан тұрғысынан біртұтастығы мен бірегейлік заңдылығы ашылған.

Пәнаралық зерттеу нәтижесін автор «Қорытынды» бөлімінде егжей-тегжейлі пайымдаған. Монографияда «Пайдаланылған деректер тізімі», «Белгілер мен қысқартулар тізімі» берілген. Аңдатпа ағылшын және орыс тілдерінде, мазмұны – үш тілде жазылған.

Автор өзінің монографиясына эпиграф ретінде ұлы Абай Құнанбаевтың сөздерін берген:

«Бірінді қазақ бірін дос,
Көрмесен істің бәрі бос».

Шындығында, Абай өсиеті бүгінгі әрқайсымызға, бүкіл қазақ әлеміне арналған ғой. Өсиетті орындау біздің парызымыз!

Оқырмандардың назарына ұсынып отырған Н. Мұқаметханұлының монографиясында қазақ халқының бірлігі, ұлттық біртұтастығы мен бірегейлену үдерісі сынды аса маңызды тақырыптар зерделенген. Еңбектің ғылыми құндылығы, практикалық маңызы да осында деп санаймыз. Еліміздің мызғымас іргетасы да ұлттық бірлікте.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 6 наурызында № 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясаты Тұжырымдамасының адам құқығы, гуманитарлық дипломатия саласында «шетелдегі қазақ қауымы шоғырлы тұратын жерлерде қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға, олардың тарихи отанымен байланысын, соның ішінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар» Қоры арқылы қолдау» атап көрсетілген. Сондықтан мемлекетіміздің шетелдердегі этникалық қазақтармен байланысы дами түседі, дәстүрге айналған қандастардың көші-қоны жаңа Қазақстан жағдайында өз жалғасын табады деп сенеміз.

Information about the authors:

K.N. Baltabayeva – Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty. E-mail: kulgazira_777@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6641-5802>.

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТТЕРІ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ.....	4
Әділбаева А.С., Жақыпова Т.У. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ. 20-30 жж.).....	18
Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А. МОҢҒОЛ ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУДДИЗМ ТАРИХЫНЫҢ ЕКІ КЕЗЕҢІ ХАҚЫНДА.....	32
Алдажұманов Қ.С., Қыпшақбаев Қ.З. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АДАМ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРЫН КСРО-НЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМЫЛДЫРУ.....	48
Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПОЛЯКТАРДЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҮШЫРАУ ТАРИХЫ.....	65
Жұмағалиев Д.А., Арынова З.Қ. ОТАНДЫҚ ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУЫ МЕН БАҒАЛАУЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША).....	77
Жамбулатов К.А. БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙІНГІ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН ЖЕРЛЕУ ҒҮРПЫ.....	91
Жүсіп Сұлтан-Хан, Қозыбаева М.М. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҮЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ФЕНОМЕНІ.....	101
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ ЭМИГРАНТТАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....	112
Ибраева А.Ғ., Темирханова А.С., Садықов Т.С. АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ЭТНОС ТАРИХЫНЫҢ ГЕНЕЗИСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	125
Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т. КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕШІТТЕРГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ (1918-1953 жж.).....	134
Көмеков Б.Е., Ташқараева Ә.М. «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АУЫЗША ТАРИХ ДӘСТҮРІ: ДЕРЕКТЕМЕЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	146
Крупко И.В., Бұрханов Б.Б. ОТАРЛАУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ НАРРАТИВТЕРІ.....	158

Құрманов З.К. ҚЫРҒЫЗ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ НЕГІЗГІ САЛУШЫ ӘКЕЛЕРІ ТУРАЛЫ.....	168
Құрманалина Н.Н., Мұхатова О.Х., Қуанбай О.Б. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ТАРИХНАМАДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ.....	177
Қуанбай О.Б. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР (XVIII – XIX ғ. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫ).....	187
Қозыбаева М.М. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ; ЗЕРТТЕЛМЕГЕН БЕТТЕР.....	201
Раздыков С.З., Досымбетов Н.А. СЫРДАРИЯ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	209
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. ЕСІМ ЖӘНЕ ТҮРСЫН ХАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ТАЛАС-ТАРТЫСТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	221
Хайдаров Е.Е. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1928-1932 жж.) (Жәнібек, Шыңғырлау аудандары материалдары негізінде).....	234
Сын-пікір Рецензия Review	
К.Н. Балтабаева НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ. КІТАБЫНА СЫН – ПІКІР.....	249

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т. ЯЗЫКИ И КУЛЬТУРЫ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ОСНОВНЫХ ЭТНОСОВ КАЗАХСТАНА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ КАЗАХСТАНСКОЙ МОДЕЛИ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ.....	4
Адильбаева А.С., Джакипова Т.У. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ –КАЗАХСТАНЕ В 20-30-е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	18
Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А. О ДВУХ ЭТАПАХ ИСТОРИИ БУДДИЗМА В ЮГО-ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ ДОМОНГОЛЬСКОГО ПЕРИОДА.....	32
Алдажуманов К.С., Кыпшакбаев К.З. МОБИЛИЗАЦИЯ ЛЮДСКИХ И МАТЕРИАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ КАЗАХСТАНА НА ОБОРОНУ СССР.....	48
Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б. ИСТОРИЯ РЕПРЕССИИ ПОЛЯКОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	65
Джумагалиев Д.А., Арынова З.К. ВОСПРИЯТИЕ И ОЦЕНКА ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ ИСТОРИКАМИ НАИБОЛЕЕ ЗНАЧИМЫХ В КАЗАХСТАНЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКИХ ОПРОСОВ).....	77
Жамбулатов К.А. ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД ПОЗДНЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	91
Жусип Сұлтан-Хан, Козыбаева М.М. АЛИХАН БУКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И ФЕНОМЕН ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ».....	101
Закарья Р. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПО ОТНОШЕНИЮ К ЕВРОПЕЙСКИМ ЭМИГРАМТАМ.....	112
Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Садыков Т.С. АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И ГЕНЕЗИСНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ ЭТНОСА.....	125
Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т. ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ МЕЧЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ (1918-1953 гг.).....	134
Кумекон Б.Е., Ташкараева Ә.М. УСТНАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ШЕЖИРЕ-И-ТАРАКИМЕ»: ВОПРОСЫ ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОГО АНАЛИЗА И ИНТЕРПРЕТАЦИИ.....	146
Крупко И.В., Бурханов Б.Б. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ НАРРАТИВЫ ПОСТКОЛОНИАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	158

Курманов З.К. ОБ ОТЦАХ – ОСНОВАТЕЛЯХ КЫРГЫЗСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	168
Курманалина Н.Н., Мухатова О.Х., Куанбай О.Б. КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВ В ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	177
Куанбай О.Б. АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ О КАЗАХСКИХ БАТЫРАХ (XVIII – ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XIX в.).....	187
Козыбаева М.М. ГОЛОД 1921-1922 ГОДОВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: НЕИЗУЧЕННЫЕ СТРАНИЦЫ.....	201
Раздыков С.З., Досымбетов Н.А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	209
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОСТОЯНИЯ ЕСИМ ХАНА И ТУРСУН ХАНА (ПО МАТЕРИАЛАМ ШЕЖИРЕ И УСТНОЙ ИСТОРИИ).....	221
Хайдаров Е.Е. НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928-1932 гг.) (На основе материалов Джанибекского, Чингирлауского районов).....	234
Рецензия Сын-пікір Review	
К.Н. Балтабаева РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	249

CONTENTS

Abdulina A.T. LANGUAGES AND CULTURES OF REPRESENTATIVES OF THE MAIN ETHNIC GROUPS OF KAZAKHSTAN THROUGH THE PRISM OF THE KAZAKH MODEL OF INTERETHNIC CONSENT.....	4
Adilbaeva A.S., Dzhakipova T.U. MAIN DEPARTMENTS OF ETHNODEMOGRAPHIC PROCESSES IN EASTERN KAZAKHSTAN REGION FOR 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	18
Akymbek Y.Sh., Mukhtarova G.R., Zheleznyakov B.A. ABOUT TWO STAGES OF THE HISTORY OF BUDDHISM IN THE SOUTHEASTERN KAZAKHSTAN OF THE PRE-MONGOL PERIOD.....	32
Aldazhumanov K.S., Kypshakbayev K.Z. MOBILIZATION OF HUMAN AND MATERIAL RESOURCES OF KAZAKHSTAN FOR THE DEFENSE OF THE USSR.....	48
Beknazarov R.A., Kushkarova G.K., Baktygali Zh.B. THE HISTORY OF REPRESSION OF POLES OF AKTOBE REGION.....	65
Jumagaliyev D.A., Arynova Z.K. PERCEPTION AND ASSESSMENT BY KAZAKH HISTORIANS OF THE MOST SIGNIFICANT HISTORICAL PERSONS IN KAZAKHSTAN (BY THE RESULTS OF SOCIOLOGICAL SURVEYS).....	77
Zhambulatov K. FUNERAL RITE OF THE LATE SARMATIAN CULTURE OF WESTERN KAZAKHSTAN.....	91
Zhussip Sultan-Khan, Kozybayeva M.M. ALIKHAN BUKEYKHAN, AKHMET BAITURSYNULY AND THE PHENOMENON OF THE NEWSPAPER «KAZAKH».....	101
Zakarya R. THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT TOWARDS EUROPEAN EMIGRANTS.....	112
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S., Sadykov T.S. ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV AND THE GENESIS PROBLEMS OF THE HISTORY OF THE ETHNOS.....	125
Issayev M.S., Shametov S.T., Dzhapparova R.T. THE POLICY OF THE SOVIET AUTHORITY AGAINST MOSQUES IN KAZAKHSTAN (1918-1953).....	134
Kumekov B., Tashkarayeva A. ORAL HISTORICAL TRADITION IN THE WORK "SHEZHIRE-I-TARAKIM": ISSUES OF SOURCE ANALYSIS AND INTERPRETATION.....	146
Krupko I.V., Burkhanov B.B. HISTORIOGRAPHICAL NARRATIVES POSTCOLONIAL STUDIES HISTORICAL MEMORY OF THE KAZAKH SOCIETY.....	158

Kurmanalina N., Muhatova O., Kuanbay O. KENESARY KASSYMOV IN PRE-REVOLUTIONARY HISTORIOGRAPHY.....	168
Kurmanov Z. ABOUT THE FOUNDING FATHERS OF THE KYRGYZ STATEHOOD.....	177
Kuanbay O. ARCHIVAL MATERIALS ABOUT KAZAKH BATYRS (XVIII - FIRST HALF OF XIX CENTURIES).....	187
Kozybayeva M.M. THE FAMINE OF 1921-1922 IN NORTH KAZAKHSTAN: UNSTUDIED PAGES.....	201
Razdykov S.Z., Dossymbetov N.A. THE HISTORY OF STUDYING THE IRRIGATION SYSTEM OF SYRDARYAN KAZAKHS.....	209
Sabdenova G.E., Baigunakov D.S. SOME ISSUES OF THE CONFRONTATION BETWEEN YESSIM KHAN AND TURSUN KHAN (BASED ON THE MATERIALS OF SHEZHIRE AND ORAL HISTORY).....	221
Khaidarov E. PEOPLE'S UPRISINGS IN THE WESTERN KAZAKHSTAN REGION (1928-1932) (Based on the materials of Dzhanibek, Chingirlau districts).....	234
Review Сын-пікір Рецензия	
K.N. Baltabayeva REVIEW OF THE BOOK: NABIZHAN MUKAMETKHANULY. INTERNATIONAL PHENOMENON: THE PROCESS OF SEPARATION AND UNIFICATION OF THE KAZAKH PEOPLE.....	249

Редакцияның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.